Түркістан облысы
Шардара ауданы
«Шардара» мектеп-лицейі



«Шардара» мектеп-лицейінде
2026-2027 оқу жылында
«Қауіпсіз бақытты балалық шақ» жобасы аясында
құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша
жүргізілген іс-шаралар туралы
мәлімет

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында ұстаздармен жүргізілген іс-шаралары







«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғары сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында







«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында лидер оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында





«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғары сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында







«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында ата-аналармен жұмыс жасау барысында

4 сентябрь

«Бала қауіпсіздігі – басты назарда!»

«Шардара» мектеп-лицейінде «Адал азамат» бұртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында ата – аналар мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту мақсатында «Бала қауіпсіздігі – басты назарда!» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.

Жиынды мектеп-лицей директоры Лаззат Өмірәліқызы ашып, ата-аналарға бала қауіпсіздігі баршамызға ортақ екенін айта келе, білім ордасына жаңа құрал-жабдықтар келгенін және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

Жиналыс барысында:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнұр Ахатова ата-аналарды жаңа үлгідегі мектеп формасымен таныстырды, Сержан Динасилов «Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша» мазмұнды баяндама жасап, бейнероликтер көрсетті.

Педагог-психолог Арайлым Арын «Жас жеткіншектің жауапты тұлғасы – ата-анасы» тақырыбында баяндама оқып, ата-аналардан сауалнама алды.

Жиынға қатысқан ата-аналар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, өз ой-пікірлерін білдірді.

Мұндай іс-шаралар – ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, жас ұрпақтың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ортақ жауапкершілікті арттыра түседі.





«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында ата-аналармен жұмыс жасау барысында









«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қыз балаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында

8 Қазан ·

Алдын алу – басты міндет!

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейіміздің инспекторы Танабай Данияр Бауыржанұлы жоғары сыныптың қыздарымен кездесу өткізіп, «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Көпшілік алдында қорлау және буллингтің зияны» тақырыптарында баяндама оқып, түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргізді.

Кездесудің мақсаты – жасөспірімдердің бойында өз қадірін түсіну, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, өзара сыйластық пен мәдениетті қарым-қатынас орнату болып табылады.

Осындай кездесулер оқушылардың тәрбиелік деңгейін арттырып, өмірлік дұрыс бағыт таңдауына ықпал етеді.

https://www.facebook.com/100016945712462/posts/1928125344428971/?mibextid=gWrMO4eEO0PPbg2S









«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында сынып жетекшілеріне сынып сағаттарындағы қауіпсіздік сабақтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында









«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында аудандық әкімшілік қызметкерлері, АББ-нің әдіскерлері, ИДН кызметкерлерімен өткізілген кездесулер









«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға «Интернет алаяқтары және нашақорлық» туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында









«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында фракция мүшелеріне ұл балаларды тарту жұмыстарын жүргізу барысында









«Шардара» мектеп-лицейі
17 Қазан, 10:40 ·

Құқық бұзушылықтың алдын алу – ортақ міндет!
Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде жоғарғы сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында профилактикалық жиналыс өтті.
Жиналыстың мақсаты – оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу.
Іс-шараға мектеп-лицей инспекторы Сабден Гаухар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнұр Ахатова, педагог-психолог Феруза Жұмабаева, ұйымдастырушы-педагог Раушан Алимбекова, аға тәлімгер Ақдидар Жұманазар және сынып жетекшілер қатысты.
Кездесу барысында оқушыларға құқықтық мәдениет, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, тәртіпті сақтау туралы маңызды ақпараттар беріліп, ашық пікір алмасу жүргізілді.

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қыз балаларға, ұлдарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында











08.10.2026 ж. «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ»

Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында жоғары сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылды.
Кездесуге мектеп-лицей инспекторы Г.Сабден, мектеп-лицей директоры Л. Ө. Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ахатова, педагог-психолог Ф. З. Жұмабаева қатысты.
Күн тәртібі:
1. Құқық бұзушылықтың алдын алу;
2. «Буллингтен қорған» тақырыбындағы түсіндірме жұмыс.

Кездесуді мектеп-лицей директоры Л. Ө. Құлмаханбет ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Өз сөзінде оқушылардың мектеп ережесін сақтау, ата-аналарына құрмет көрсету және еліміздің жарқын болашағы болуға ұмтылу қажеттігін атап өтті.
Бұдан кейін сөз алған Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ, полиция капитаны Данияр Бауыржанұлы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне тоқталды. Ол кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, әрбір жасөспірімнің заңды сақтау және тәртіпті болу жауапкершілігіне назар аударды.
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Буллингтен қорған» тақырыбында түсіндірме жүргізілді. Оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің мәні, түрлері мен айырмашылықтары түсіндірілді. Буллингке ұшыраған жағдайда оны жасырмай, ата-анасына, сынып жетекшісіне немесе мектеп психологына хабарлау қажеттігі айтылды.
Педагог-психолог Ф. З. Жұмабаева өз сөзінде Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзін негізге ала отырып, тәрбиенің отбасынан басталатынын атап өтті. Сонымен қатар буллингтің адам психологиясына тигізетін кері әсері мен оны болдырмау жолдары туралы түсіндірді. Буллингке ұшыраған достарына көмек көрсету жолдарын да түсіндіріп өтті.
Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауап алды. Кездесу мазмұнды өтіп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын, өзара сыйластық мәдениетін және жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етті.

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қыз балаларға, ұлдарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында














«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыз балаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында











«Шардара» Мектеп-лицейі
3d
12.11.2025 ж.

Бала қауіпсіздігі – басты назарда!

Бүгінгі таңда жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен амандығы – қоғамның ең маңызды мәселелерінің бірі. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау, олардың құқықтарын сақтау – әр ата-ана мен ұстаздың, тіпті бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады.

Осы мақсатта Түркістан облысы, Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде «Бала қауіпсіздігі – басты назарда!» тақырыбында 10–11 сынып оқушылары арасында арнайы кездесу өткізілді.

Кездесуге мектеп-лицей инспекторы Д. Танабай, мектеп директоры Л. Ө. Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ахатова, сондай-ақ педагог-психолог Ф. З. Жұмабаева қатысты.

Іс-шара барысында қатысушылар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдарын, құқықтық және психологиялық тұрғыдан қорғану тәсілдерін талқылады. Психолог оқушыларға өздерін сенімді ұстау, қажет жағдайда көмек сұрау туралы кеңес берсе, инспектор балаларға құқықтық жауапкершілік және қауіпсіздік ережелерін түсіндірді.

Кездесу оқушылардың бойында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, өз өмірі мен құқығын қорғауға деген жауапкершілік сезімін арттыруға бағытталды. Осындай шаралар арқылы жастардың санасында қауіпсіздік – әркімнің жеке міндеті екендігі ұғынылады.

https://www.facebook.com/share/1GqJUh1erb/

«Қауіпсіз балалы шақ» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қыз балаларға, ұлдарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында













ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Алдын алу шаралары

• **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы**
Ақпараттық қауіпсіздік, киберкультура, кибергигиена, медиа тұтыну бойынша Түркістан облыстық экономикалық тергеп тексеру департаментінің қызметкерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

• **Буллингтен қорған!**
«Шардара» мектеп – лицейінде мектеп-лицейде буллинг пен кибербуллингтің алдын - алу мақсатында «Буллинг, кибер-буллингтен қалай қорғанамыз?» тақырыбында орта буын оқушылары арасында алдын-алу ағарту жұмыстары жүргізілді.

• **Ойынға салауатты көзқарас**
Ойынға деген салауатты көзқарас қалыптастыру керек. Лудомания туралы бейне фильмдерді көрсету, топтық талқылауларды ұйымдастыру, салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша мектепішілік шеберлік сабақтары өткізілуде.

• **Өмірге салауатты қадам**
Оқушыларының күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024 жылдың 28-қазаны мен 3-қарашасы аралығындағы іс – шаралар жоспары құрылып, салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға қазақтың ұлттық ойындары мен салт – дәстүрі, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатында «Шынықсаң – шымыр боласың» атты тақырыпта «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Найза - Ядро», «Жас футболшы», «Волейбол» үйірмесінің жетекшілері жоғарғы деңгейде спорттық іс-шарасын өтті.

• **Қоғамдық мүлікті қорға!** Қоғамдық мүлікті қорғау, вандализмді болдырмау мақсатында 1-11 сынып аралығында сынып сағаттары өткізілді, челлендж ұйымдастырылды т.б.

• **Қауіпсіз қоғам.** «Қауіпсіз жол», «Қауіпсіз терезелер», «Қауіпсіз орта» тақырыптарында бастауыш сыныптарында сынып, тәрбие сағаттары өткізілді, жалғасын табуда. «Шардара» мектеп – лицейінде интернет алаяқтары, интернет арқылы адамдарды алдау, қаржы алу немесе жеке мәліметтерін ұрлау мақсатында жасалатын қылмыстар туралы жоғарғы сынып оқушылары мен қызметкерлерге «Интернет алаяқтарынан сақтану жолдары», қауіпсіз терезе, көктемгі егіншілік науқаны, көлік басқару т. б) тақырыптарда мамандар түсіндірме жұмыстарын жасады. Түсіндірме жұмыстарына Шардара Аудандық полиция бөлімінің Криминалдық полиция бөлімшесінің бастығы полиция капитаны Оңалбай Бақберген Ерланұлы және Шардара Аудандық полиция бөлімінің жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Шынахан Елнұр, қатысты.

Мемлекеттік органдармен байланыс және т.б. - АББ, Аудандық полиция бөлімі, Төтенше жағдайлар бөлімі













ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Қауіпсіздік шаралары

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасымен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңына және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық іс-шарасы бойынша «Шардара» мектеп-лицейінің мұғалімдері тосын оқиғалардың алдын алу және оларды болдырмау мақсатында аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен жоспар аясында айына 4 рет және мереке күндері рейдтік іс-шаралар өткізілуде.

Деструктивті діни ағымдардан сақтандыру жөніндегі жоғарғы сынып оқушыларымен бірнеше рет кездесулер өткізілді.







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Қауіпсіздік шаралары

«Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылында іс – шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осы мақсатта ата-аналармен бірге жол-көлік жарақаттарының алдын алу іс-шараларына, мектептің ішкі тәртібін сақтау, балалардың көшеде қауіпсіздігі, үйдегі өрт қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік шараларына ерекше назар аудару туралы іс-шарасы өтілді.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты міндет!» тақырыбында құзырлы орган қызметкерлерімен кездесулер өткізілуде.

«Жаман әдеттің салдары» тақырыбында «Өзін-өзі» басқару фракция мүшелерімен бірлесіп оқушыларға түсіндірме жұмыстары өткізілуде.

«Есірткіге жол жоқ!» тақырыбында челлендж өткізіліп, жалғасын табуда.

«Қауіпсіз жол», «Қауіпсіз терезелер», «Қауіпсіз орта» тақырыптарында бастауыш сыныптарында сынып, тәрбие сағаттары өткізілді және жалғасын табуда.









